**Көсембай негізгі мектеп кітапханасының 2022-2023 оқу жылдарындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған жұмыстары**

2022-2023 оқу жылдары бойынша кітапхананың жалпы жоспары жасалып және «оқуға құштар мектеп» жобасына бөлек жоспар құрылып, бекітілді.

Тамыз айында Облыстық педогог қызметкерлерінің тамыз конферциясы аясында өткен «Тәрбие нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи оқу форматын, әдістерін, жолдарын, тәсілдерін рухани -адамгершілік құндылықтарға негіздей отырып қалыптастыру тақырыбындағы панельдік сессия жұмысына «Кітапхана - оқуды дамытудағы көшбасшы тақырыбында оқуға құштар мектеп жобасы аясындағы іс -тәжірибеммен бөлістім.

Сонымен қатар аудандық педогогикалық тамыз кеңесі аясында «Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысың ұйымдастырудың жолдары» тақырыбындағы сексиялық жұмысқа қатысып, іс -тәжірибеммен бөлісіп, аудандық Алғыс хат пен марапатталдым.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында қорға жаңадан түскен көркем әдебиеттерді, басқа да сала әдебиеттерді таныстыру мақсатында «Жаңа кітап -жаңа әлем» атты тақырыптық көрме ұйымдастырылды.

« Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында ұйымдастырылған «Республикалық балалар оқуы» байқауына мектебімізден 11 бала аудандық кезеңге қатысты.

Атап айтар болсақ 3-4 сыныптардан Қыдырбай Аян, Тыныш Бейбіт, Інжу Ырза, Серікбай Ақбота, 5-6 сыныптардан Майданова Амангүл, Боранбай Әбілмансұр, Бөкенбай Бекарыс, Сисенов Бейбарыс, 7-8 сыныптардан Сейткереев Мейрамбек, Қанат Ернияз, Бөкенбай Эльмира, Серікбаева Ақбота. Барлық оқушылар өздеріне берілген кітаптарды оқып, тест және эссе жазудан сынға түсті. Нәтижесінде Сисенов Бейбарыс 3 орын, Серікбаева Ақбота 3 орын, Бөкенбай Бекарыс 1- орын алып облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңге жолдама алған Бөкенбай Бекарыс облыстан Мадақтама мен марапатталды.



Қараша айының 25 – де Ақтөбе облыстық ғылыми -тәжірибе орталығының жоспарына сәйкес Мартурк ауданы, Сарыжар мектебіне оқуға құштар мектеп жобасы аясындағы жұмыстар мен танысу бағытындағы іс -тәжірибе алмасу семинарына барып келдім. 2022-2023 оқу жылында Көсембай негізгі мектебі кітапханасының

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кел, бірге оқиық!» жобасы.**

**Мақсаты:**Балаларды әдеби кітапқа деген құштарлығын арттыру, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани – тәлім тәрбие беру. Сынып жетекшіні бірге оқуға тарту, бірлесе кітап оқуын ұйымдастыру.

**Жобаның сипаттамасы:** «Кел, бірге оқиық!» Кіші және орта жастағы балаларға арналған.Сынып жетекшімен бірге дауыстап оқып, оқылған шығарманың мазмұның, шығармадағы айтылған негізгі ой мен сюжетін талқыға салу.

**Жобаға қатысушылар:** 1,2,3,4,5,6,7,8,9 сынып оқушылары

**Жобаны іске асыру мерзімі:** 2022-2023 жж желтоқсан – қаңтар -ақпан -наурыз- сәуір

**Жоба аясында өткізілетін іс -шаралар:**

Сынып жетекші мен оқушыларды ұйымдастыру.

Кітапханашы әр сыныпқа оқылатын кітаптардың тізбесін ұсынады.

Сынып жетекші өз қалауымен бір кітапты таңдап сол бойынша жұмыстанады.

оқыған кітаптарына қорытынды жұмыс көрсетеді.

Жұмыстар арнайы қазылар алқасымен бағаланады.

Жобаға қатысушы сыныптар I ,II, III орындармен ал, сынып жетекшілер арнайы алғыс хаттар мен марапатталады.
















8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Ана қолындағы кітап» атты видероликтер арқылы кітапханамен тығыз байланыста жүрген, балаларымен кітап беттерін ақтарып жүрген, кітаппен достастырып және өзін- өзі дамытып жүрген аналарымызды таныстырамыз.

Мақсаты:отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, отбасылық қатынасты және ата -аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу, аналарымыздың кітап оқу әдетін алғау бастыру, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру.







kosembai2020 "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай "Ана қолындағы кітап" атты видеороликтер арқылы кітапханамен тығыз байланыста, балаларымен кітап беттерін ақтарып, кітаппен достастырып және өзін - өзі дамытып жүрген аналарымызды таныстырамыз. Мақсаты: отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, отбасылық қатынасты және ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу, аналарымыздың кітап оқу әдетін алға бастыру, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру. Өткізген: Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы. @oiyl_bilim_bolimi @aqtobe_bilim_basqarmasy @oiyl_akimat @aktobe.akimat #оқуғақұштармектеп



kosembai2020 "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай "Ана қолындағы кітап" атты видеороликтер арқылы кітапханамен тығыз байланыста, балаларымен кітап беттерін ақтарып, кітаппен достастырып және өзін - өзі дамытып жүрген аналарымызды таныстырамыз. Мақсаты: отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, отбасылық қатынасты және ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу, аналарымыздың кітап оқу әдетін алға бастыру, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру. Өткізген: Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы. @oiyl_bilim_bolimi @aqtobe_bilim_basqarmasy @oiyl_akimat @aktobe.akimat #оқуғақұштармектеп

**Мектеп кітапханашысы: Қалиева Б.С**